



ТІЛ – ИНСТИНКТ

Вавилон сабылысы





Жоспар:

1. Тілдердің пайда болуы жайлы зерттеулер.
2. Тілдерді бір-бірінен ерекшелендіретін параметрлер.

Жер бетінде бір тіл және бір сөйлеу мәнері болды. Шығыстан келіп, олар Сennaар жерінде жазықтықты тауып, соған қоныстанды. Бір-біріне мынаны айтты: кірпіш жасап, отпен күйдіреміз. Оларда тас орнына кірпіш, ал әк орнына – жер шайыры болды. Олар: «өзімізге қала және аспанға тірелген мұнара салайық және де жер бетіне таралып кетпей тұрғанда өзімізге есім тағайық» деп айтады. Содан Жаратушы адам баласы салған қала мен мұнараны көру үшін жерге түседі. Жаратушы былай дейді: «Бір халық, бәрінің тілі бір; міне, не жасай бастады, ойлағанын жасамай қоймайды. Жерге түсейік те, бір-бірінің тілін түсінбейтіндей етіп, олардың тілдерін араластырып тастайық. Құдай бұл жерден оларды жер бетіне шашыратып жіберді; олар қала салғандарын тоқтатты. Сол үшін оны Вавилон деп атады; себебі, сол жерде Құдай жер бетіндегі тілді араластырып жіберді, сол жерден Құдай оларды жер бетіне таратты.

Христос туылғаннан кейінгі 1957 жылы лингвист Мартин Джус тілдік зерттеулердің соңғы үш онжылдығына шолу жасады да, Құдай Нұх ұрпағы сөйлеген тілді араластырудан да ары барды деген қорытындыға келген. Алайда Ескі завет Құдайы, белгілі болғандай, өзара түсінбейтіндей етумен шектелген, Джус «тілдер бір-бірінен болжап болмайтындай шексіз ерекшеленеді», – деп айтты. Сол жылы «Синтаксистік құрылымдар» кітабының жарыққа шығуы Лингвистикада Хомский жасаған революциясының бастауы болды, ал соңғы үш онжылдық бізді дәлмедәл Библияда айтылғанға қайтып әкелді. Хомский теориясына сүйенсек, Жерге ұшып келген марстық ғалым лексиканың ерекшеліктеріне қарамастан жер бетіндегі адамдар бір тілде сөйлейді деген қорытындыға келетін болар.

Теологиялық дебат өлшемі бойынша, бұл екі көзқарас тіптен бөлек. Әрқайсысының негізінде не жатыр? Жер бетіндегі 4000–6000 тіл ағылшын тіліне және өзара жоғары деңгейде ұқсас болып көрінбейді. Бұл ағылшын тілдерінің ерекшеліктерін қарайық.

Ағылшын – бұл сөйлемдері сөз түріндегі өлшемі өзгермейтін бірліктердің орнын ауыстыру арқылы жасалатын «оқшаулау» тіл. Мысалы: Dog bites man «Адамды ит қауып жатыр» және Man bites dog «Адам итті қауып жатыр». Басқа тілдер зат есімдерді түрлендіріп, септік аффикстермен, ал етістіктерді рөлді орындаушылармен жақ, жекеше/көпшелерге сәйкес келетін қосымшалармен қамтамасыз етіп, әрекет иесі және әрекет нысаны туралы ақпарат береді. Мысал ретінде әр қосымша ақпараттың бірнеше бөлігін беретін латын, «флективті» тілдерді келтіруге болады.

Екінші мысал – әр қосымша ақпараттың тек бір бөлігін беретін, ал барлық көптеген қосымшалар сегіз бөліктен тұратын етістік сияқты қатарынан түзілетін кивунджо, «агглютинативті» тілдер.

Ағылшын – бұл әр синтаксистік топтың оған бекітілген позициясы бар «сөйлемде сөздер тәртібі бекітілген» тіл. «Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі еркін» тілдер синтаксистік топтың орналасу тәртібін құбылтуға мүмкіндік береді. Варлпири – Австралия аборигендерінің тілі сияқты тілдерде – әр синтаксистік топқа жататын сөздер ретсіз араласуы мүмкін.

Ағылшын – бұл аккумулятив құрылысындағы тіл. Ерекшелігі мынада: Өтпелі емес етістіктегі бастауыш, мысалы, She ran «Ол жүгірді» өтпелі етістіктегі бастауышпен бір формаға ие болады: She kissed Larry «Ол Ларриді сүйді» Larry kissed her – Ларри оны сүйді. Басқ. тілі және көптеген австралия тілдері сияқты «эргатив» құрылымды тілдерде, бұл мысалдар басқа құрылымға ие болады.

Ағылшын – бұл барлық сөйлемдердегі «бастауышты ұсыну» тілі болып келеді. Мысалы, It is raining (сөзбе-сөз «Жаңбырлатып тұр»). Сонымен қатар, жапон тілі сияқты «тақырыпты ұсыну» тілдеріндегі сөйлемдерде сөйленістің ағымдағы тақырыппен толықтырылатын арнайы орны бар, мысалы: «This place, planting wheat, is good. Бұл орын, бидай еккен жақсы» немесе California climate is good «Калифорнияның климаты жақсы».

Ағылшын – бұл «бастауыш-етістік-толықтауыш» сөз тәртібі бар тіл. Абривиатурамен келтіргенде «SVO» тілі: «Subject-verb-object»: Dog bites man – «Ит қабады адамды». Жапон тілінде сөз тәртібі басқаша: бастауыш-толықтауыш-етістік Dog man bites – «Ит адамды қабады»; қазіргі



ирланд тілінде сөз тәртібі мынадай: етістік-бастауыш-толықтауыш: Bites dog man – «Қабады ит адамды»).

Келесі ерекшелік: ағылшын тілінде зат есім кез келген затты кез келген құрылымда атауы мүмкін a banana, two bananas, any banana, all the bananas «банан, екі банан, кез келген банан, барлық банан». «Таптастырылатын» тілдерде зат есімдер адамдар, жануарлар, жансыз, бірөлшемдік, екіөлшемдік, топтық, жабдықтар, тамақ т.б. сияқты тектік түрлерге бөлінеді. Көптеген құрылымдарда зат есімнің өзі емес, топ атауы қолданылуы керек.

Әрине, белгілі бір тілдің грамматикасын қарастырсақ, жүздеген «ерекше қызықтар» табылады. Әр ұлт тілдері соның ішінде қазақ тілі де осындай ерекшеліктермен қызықтырады.

Керісінше, тілдер әлемінде таңғажайып әмбебаптықты аңғаруға болады. 1963 ж. лингвист Джозеф Гринберг мысал ретінде бес құрылықта таралған серб, итальян, баск, фин, суахили, нубий, массаи, бербер, түрік, иврит, хинди, жапон, бирман, т.б. сол сияқты сияқты тілдерді қоса алғанда отыз тілді зерттеген. Гринберттің Хомский мектебіне қатысы болған жоқ, ол жай ғана бұл тілдерде қандай да бір қызықты грамматикалық ерекшеліктер табыла ма деп зерттеп көрмек болды. Сөз және морфема тәртібіне тоғысқан өзінің алғашқы зерттеуінде ол қырық бестен кем емес универсалды тапқан.

Содан бері әлемнің әр шетінен көптеген тілдерді қамтыған көп басқа да зерттеулер жүргізілді және жүз шақты әмбебаптықты ашты. Олардың кейбірі абсолютті түрде бірдей. Мысалы, бірде-бір тіл сөздерді кері тәртіпте қойып, сұраулы сөйлемді жасамайды.

Кейбір әмбебаптар статистика тұрғысынан тұрақты: барлық дерлік тілдерде бастауыш, негізінен, толықтауыш алдында келеді, ал толықтауыш етістікпен қабысады. Тілдердің көбі жоғарыда қарастырылған SVO немесе SOV сөз тәртібіне ие, кейбір тілдерде ғана сөздердің орын тәртібі «verb-Subject – object» моделімен сипатталады.

Әмбебаптық импликация мысалын біз сөздерге арналған дәрістерге кездестірдік: егер тілдегі негізгі сөз тәртібі Subject-object-verb моделінде болса, онда бұл тілде негізінде септеулік бар, ал сұраулы сөздер сөйлем соңында келеді. Егер сөз тәртібі Subject-verb – object-болса, онда сұраулы сөздер сөйлем басында келеді де, тілде көмекші сөздер болады. Әмбебап импликациялар тілдің барлық аспектіде кездеседі – фонологиядан бастап сөз мағынасына дейін. Егер тілде «қызылкүрең» сөзі болса, онда «қызыл» сөзі де болады; егер тілде «аяқ» сөзі болса, онда «қол» сөзі де болады. Бұл лингвистика заңдылығы.

Егер әмбебаптық тізімі тілдерде бос вариациялар болуы мүмкін емес екендігін көрсетсе, онда тілдерге ойлау құрылымы шектеу қояды дегенді білдіре ме? Тәуелділік соншалықты айқын емес. Біріншіден, мұндай шектеулерге төменде келтірілген екі баламалы түсініктемені жоққа шығару қажет. Осы түсініктемелерге тоқталайық.

Бірінші түсініктеме бойынша, тіл тарихта бір-ақ рет пайда болды. Ал барлық қазіргі қолданыстағы тілдер оның кейбір белгілерін сақтап, осы Ататіл ұрпағы болып келеді. Әріп тәртібі иврит, грек, латын әліпбиінде және кириллицада бірдей болғандықтан, бұл белгілер тілдерде ұқсас болады. Әліпбилік тәртіпте еш ерекшелік жоқ – оны ханаанеянар ойлап тапқан және содан барлық батыс әліпбилер өздерінің шығу тегінің бастауын алған. Алайда бірде бір лингвист мұны тілдік әмбебаптық деп қабылдамайды. Бір жағынан ұрпақтан ұрпаққа тілді мұра етіп қалдырғанда түбегейлі өзгерістер болуы мүмкін. Креолизация солардың ішіндегі ең түбегейлі болып саналады, алайда әмбебаптық креолды қосқанда, барлық тілдерде бар. Креолизация дегеніміз – бұл басқа мәдениеттің құндылықтарын қабылдау процесі. Лингвистикада креолизация екі немесе одан да көп тілдердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде сөздік және грамматикаға араласқан жаңа тілдің құрылуын білдіреді.

Әмбебаптық өзара тәуелділік – салыстырмалы тіл білімі бойынша маман тұрғысынан ғана айқын болатын барлық тілдерге қатысты факт.

Егер әмбебаптық ұрпақтан ұрпаққа жай ғана берілетін болса, тілдер арасындағы негізгі айырмашылық, екі мәдениет арасындағы айырмашылық бұл мәдениеттер арасында бөліну қаншалықты бұрын басталғанына сәйкес келетіні сияқты.

Адамзаттың о бастағы тілінен бұтақтар алыстаған сайын олардың кейбірі «Subject-object-verb» моделімен, ал басқалары «Subject-verb-object» болып қалыптасуы мүмкін. Бұл әр бұтақтың ішінде бір тіл агглютинативті, басқалары аморфты түрлеріне жатуы мүмкін. Алайда шынайы көрініс мүлде бөлек. Мыңдаған жылдар өткен сайын, тарих пен типология жалпы жиі



нашар өзара арақатынаста болады. Тілдер өздерінің грамматикалық түрін барынша серпінді өзгертуі мүмкін және бірнеше циклдан қайта-қайта өтеді. Мысалы, ағылшын тілі тақырыпты ұсынатын флективті тіл құрылымы, еркін сөздердің орын тәртібі болған, мың жылдан аз уақытта бастауышты ұсынатын, белгіленген сөздердің орын тәртібі бар және флексиясы аз тілге айналған. Керісінше, осы уақытқа дейін туыс неміс тілі еш өзгеріссіз сондай болып қалған. Көптеген тілдер тобында грамматиканың қандай да бір аспектісінде байқалатын әлемдегі вариативтік толық өріс көрініп тұрады.

Тілдердің грамматикалық қасиеттер мен тілдер шежіресіндегі оның орны арасында қатаң корреляцияның болмауы тілдік әмбебаптық – барлық тілдердің гипотезалық үлкен анасы кезеңінен сақталған жай ғана қасиеттер еместігін білдіреді.

Екінші, балама, тілдік түйсікке тілдік әмбебаптықты жатқызбас бұрын жоққа шығаратын түсініктеме тілдер әмбебап ойды немесе тілмен байланысты ерекшеліктері жоқ ментальды ақпарат өңдеуінен көрініс береді дегенге негізделеді. Біз бұрынғы дәрістерде байқағанымыздай, түс атауын білдіретін лексикалық әмбебаптар түсті әмбебап көру салдары болуы мүмкін. Мүмкін, бастауыш толықтауыштың алдында келеді. Себебі әрекетті білдіретін етістікке қатысты бастауыш әрекет нысанына нұсқайды.

Әлемнің барлық тілдерінде белгілерді өңдеу механизмі бірдей болуы Хомскийдің марсиян көзқарасы тұрғысынан барлық жердегі адамдар бір тілде сөйлейді деп мәлімдеуіне негіз болды. Тіл құрылымының негізгі белгілерінің барлық жерде кездесетіні лингвистерге бұрыннан белгілі. Олардың көбін 1960 ж. Хомский мектебіне қатысы жоқ лингвист С.Ф. Хоккет адам тілдерін мен жануарлардың коммуникация жүйесін салыстырмалы талдауда растаған.

Өндіруге де, сөйленісті түсінуге де бейтарап жалпы грамматикалық код сөйлеушілерге олар түсінетін және, керісінше, кез келген тілдік хабарламалар жасауға мүмкіндік береді. Сөздер сол тілде сөйлеушілер арасында еркін келісім нәтижесінде берілген тұрақты мағынаға ие. Тіл дыбыстары оқшау қабылданады: *pat* және *bat* арасында орташа естілетін бір дыбыс *patting* «қағу» және *batting* «қатты соғу» арасындағы орташа бір дыбысты білдірмейді. Тілдер абстрактілі және сөйлеушіден мезгіл мен кеңістікте алыстатылған мағынаны беруі мүмкін. Шексіз көп тілдік формалар бар. Себебі олардың бәрі дискретті комбинаторлық жүйе көмегімен жасалған. Барлық тілдерде мағынасына қарамастан морфемаларда фонемаларды орналастыру үшін бір ереже жүйесі, ал екінші сызба – олардың мағыналарын анықтап, морфемаларды сөздер мен синтаксистік топтарға орналастыру үшін пайдаланылатын құрылым дуализмі байқалады.

Хомский лингвистикасы Гринберг шолуымен үйлескенде бізге мына негізге алынатын сызбадан гөрі, ары қарай жылжуға мүмкіндік береді. Осы орайда, Стивен Пинкер ағылшын тіліне пайдаланған грамматикалық механизмді барлық әлем тіліне қолдануға болады деп нық сеніммен айтады. Барлық тілдерде лексика бар, ал мыңдаған немесе он мыңдаған тілде ол зат есім мен етістіктер енген сөз таптары категорияларына сұрыпталған. Сөздер Х-штрих жүйесіне сәйкес синтаксистік топтарға енген. Құраушылар құрылымының ең жоғары деңгейіне мезгілді, модалдықты, түрді және болымсыздықты білдіретін көмекші етістіктер енген. Зат есімдерге септік көрсеткіштері таңылған, ал етістіктер немесе басқа баяндауыштардың менталді сөздік мақаласында оларға семантикалық рөл бөлінген.

Сөз түрлендіру ережесі ең алдымен зат есімдерге жекеше/көпше және септік көрсеткіштерін, ал етістіктерге – мезгіл, түр, рай, етіс, болымсыздық және бастауыш әрі толықтауышпен, жақ және жекеше/көпше түрінде қиысуды бекітеді. Сөздің фонологиялық формасы метрикалық және силлабикалық құрылымдармен, ұяңдық, үн, артикуляция тәсілі мен орны сияқты оқшауланған белгі қабаттарымен анықталады және нақты фонологиялық ереже тәртібімен жүретін бірізді аккомодацияға ұшырайды.

Бұл «шаралардың» көбі қандай да бір мағынада пайдалы болғанымен, олар өздерінің жай-жапсарымен фортран немесе ноталық жазба сияқты жасанды жүйеде емес, табиғи тілдерде кездесетіні туралы факті адамның тілдік түйсігі негізінде жай тарих немесе таным әрекетіне қоса салмайтын әмбебап грамматика жатыр деген тұрақты сезім тудырады.

Бұл дәрістің басында сөз болған болжал бойынша ағылшын тіліне қатысты емес алты ерекшелікті қайта қарастырайық. Мұқият оқысаңыздар, олардың бәрі ағылшын тілінің өзінен, ал ағылшын тілінің ерекшеліктері басқа тілдерден табылуы мүмкін.



1. Ағылшын, болжал бойынша олардан ерекшеленетін флективті тілдер сияқты, қиысудың III жақта жекеше түрінде -s көрсеткішіне ие. He walks – «Ол келе жатыр». Ағылшын тілінде есімдіктердің септелуінде айырмашылық бар – he салыстырсақ him. Ағылшын тіліне қарағанда оқшауланған тілдің радикалды нұсқасы саналатын қытай тілінің өзінде күрделі және туынды сөздер сияқты көп бөлікті сөздер жасайтын ережелері бар.

2. Сөздердің еркін орын тәртібі бар тілдер сияқты ағылшын тілінде де септік көрсеткіші сияқты көмекші сөздер өзінің атауыштық тобының семантикалық рөліне нұсқайтын демеулікті топ тізбегінде сөздердің еркін орын тәртібі болады: The package was sent from Chicago to Boston by Mary «Сәлемдемені Чикагодан Бостонға Мария жіберді»; The package was sent by Mary to Boston from Chicago «Сәлемдемені Мария Бостонға Чикагодан жіберді»; The package was sent to Boston from Chicago by Mary «Сәлемдемені Бостонға Чикагодан Мария жіберді».

3. Эргативті тілдердегі сияқты ағылшын тілінде де сабақты етістіктегі толықтауыш пен салт етістіктегі бастауыш арасында ұқсастық таңбаланады. Салыстырыңыз: John broke the glass «Джон стақанды сындырды» (glass = толықтауыш) және The glass broke Стақан сынды» (glass = салт етістіктегі бастауыш) немесе Three men arrived және There arrived three men «Үш адам келді».

4. Тақырыптарды ұсынатын тілдер сияқты ағылшын тілі «Балыққа келетін болсақ, мен арқан балықты жеймін» және «Джон маған ешуақытта шындап ұнаған емес» – сияқты құрылымдарда тақырыптық құраушыларға ие.

5. Бастауыш–толықтауыш–баяндауыш сөздердің орын тәртібі бар тілдер сияқты ағылшын тілі де көне құрылымдарда түсіндіруге келетін сөздердің осы орын тәртібін осы уақытқа дейін пайдаланған.

6. Топтастырылатын тілдер сияқты ағылшын тілінде де көптеген зат есімдер түр/тек көрсеткішіне ие болған: бір қағаз тік үшбұрыш туралы a paper деп айтуға болмайды, a sheet of paper «қағаз парағы» деп айту керек.